

**Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ**

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



**Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН
МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ**



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

кафедра меңгерушісі

т.ғ.к., акад. профессор

К.К. Елемесов

«08» 05 2019ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Арнайы пәндерді оқып үйрену барысында кәсіптік колледж
оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту

5B0120000 – Кәсіптік оқыту

Орындаған

Нәсір Құндызай Бақытжанқызы

Ғылыми жетекші

т.ғ.к., Бөртебаев Сайын Әбілханұлы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтар кафедрасы

5B012000 – Кәсіптік оқыту

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі
т.ғ.к., қауымд. профессор
 Қ.К. Елемесов
«11» 12 2018 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Нәсір Құндызай Бақытжанқызы

Тақырыбы: Арнайы пәндерді оқып үйрену барысында кәсіптік колледж оқушыларының шығамашылық қабілеттерін дамыту.

Университет басшысының 2018 жылғы «08» қазанда №1113-б бұйырығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы 03 мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілгендері: Алакөл гуманитарлық техникалық колледжі жайлы мәліметтер, қолданылатын оқыту технологиялары, оқу жоспарлары, әдістемелер, кадрлық құрамы, материалдық-техникалық және өндірістік базасы.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Жалпы бөлім (оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру жайлы әдебиеттік шолу жасау, шетелдік және отандық тәжірибелерге талдау жүргізу).

ә) Технологиялық бөлім (слесарлық ісі негіздері пәнінде оқытудың технологиясының жүргізілуін және оған қолданылатын жабдықтарды құрылысы мен жұмыс принципін баяндап жазу.)

б) Әдістемелік бөлім (колледждегі оқу үрдісінің ұйымдастырылуы, колледждегі оқыту үрдісін және оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу; зерттеу нәтижелері бойынша оқыту, колледждегі білім сапасын арттыру жөнінде ұсыныс беру)

в) Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы (пісіруші мамандарды даярлаудағы еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі мәселелері)

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 19 атау

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс Алакөл гуманитарлық техникалық коллежінде «Слесарлық ісі негіздері» пәні бойынша оқып үйрену барысында кәсіптік колледж оқушыларының шығамашылық қабілеттерін дамытуға арналған.

Дипломдық жұмыста алынған мәселені оқушылармен сабақ өту барысында айқындап, оқушылармен саралай келе шығармашылық жоба жасау арқылы шешімі табылды.

Дипломдық жұмыс кіріспе бөлімінен, жалпы бөлімнен, технологиялық бөлімнен, әдістемелік бөлімнен, еңбекті қорғау бөлімінен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Дипломдық жұмыс 36 бет түсіндірме жазбадан және 8 иллюстрацияланған суреттен тұрады.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа посвящена развитию творческих способностей учащихся профессионального колледжа при изучении дисциплины «Основы слесарного дела» на Алакольском гуманитарно-техническом колледже.

В дипломной работе были определены задачи, полученные в ходе проведения занятий с учащимися, проанализированы и решены путем разработки творческого проекта.

Дипломная работа состоит из вводной части, общей части, технологической части, методической части, отдела охраны труда, заключения и списка использованной литературы. Дипломная работа состоит из 36 страниц пояснительной записки и 8 иллюстративного рисунка.

ANNOTATION

The thesis is devoted to the development of creative abilities of students of professional College in the study of the discipline "Fundamentals of plumbing" at Alakol humanitarian and technical College.

In the thesis were identified tasks obtained during classes with students, solved and analyzed through the development of a creative project.

The thesis consists of the introductory part, the General part, the technological part, the methodical part, the Department of labor protection, the conclusion and the list of references. Thesis consists of 36 pages of explanatory notes and 8 illustrative drawings.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
1 Жалпы бөлім	
1.1 Шығармашылық ұғымы, оның түрлері мен сипаттамалары	7
1.2 Слесарлық ісі негіздері пәнінде колледж оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары	9
2 Технологиялық бөлім	
2.1 Слесарлық ісі негіздері пәніні бойынша жалпы мәлімет	12
2.2 Слесарлық ісі негіздері сабағындағы слесардың жұмыс орны, слесарлық шеберхана, қолданылатын жабдықтар	13
2.3 Слесарлық ісі негіздері пәні бойынша колледж оқушыларын оқытудағы технологиялар	14
3 Әдістемелік бөлім	
3.1 «Слесарлық ісі негізі» пәнінде оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын қарастыру	20
3.2 «Слесарлық ісі негіздері» пәні бойынша сабақ жоспары	24
3.3 Шығармашылық жоба «Бра шырағы»	28
4 Еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі	32
Қорытынды	35
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	36
Қосымша	

КІРІСПЕ

Менің дипломдық жұмысым «Алакөл гуманитарлық- техникалық» колледжінде дипломалды тәжірбие барысында ізденісіммен, алға қойылған мақсатымның нәтижелі болуына байланысты болды. Диплом алды тәжірбие барысында алға қойылған яғни дипломдық жұмысым бойынша студенттердің арнайы пәндерді оқып үйрену барысында кәсіптік колледж оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында студенттермен өндірістік оқыту арқылы сабақ беріп, өтілген өндірітік сабақ нәтижесінде студенттермен шығармашылық жоба жасауға мүмкіндік берді.

Дипломдық жұмыстың өзектілігі:

Бүгінгі таңда мемлекеттің өркениетке жету жолындағы талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу, бағыт бағдар ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап ететіні анық.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің берген сұхбатында «Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деген. Біз өрлеуді өмірінің өзегі еткен халықпыз. Мына заманда «Өнердің кілтін тапқан ғана өрге шабады». Сендер, тәуелсіз Қазақстанның келешегі үшін тарихи жауапкершілік арқалайтын азаматсыңдар. Осы жауапкершілікті сезіне біліңдер» деп өз сұхбатында еліміздің болашағы, тірегі өсіп келе жатқан жастар. Осы жастарға артылған үміттің нәтижелі болуы маңызды. Жастардың сапалы білім алуы үшін қазіргі таңда мамандардың артуы үшін қолайлы жағдайлар жасалып келеді.

Елбасымыз, «Біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз» яғни, алынған дипломдық жұмысымның өзі осы айтылған сөзге дәлел десемде болады. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізуі қажет. «Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек.

Дипломдық жұмыстың мақсаты: Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған білім алушылармен оқу және оқудан тыс жұмысты ұйымдастырудың тиімді әдістерін, құралдарын, нысандарын анықтау. Сонымен қатар теориялық және тәжірибелік оқыту үрдісі кезінде алынған мамандық бойынша білімді тереңдету және кеңейту, таңдалған мамандыққа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, техникалық еңбек пен шығармашылық мәдениетінің бастауына баулу, өз еңбегіне шығармашылық көзқарас қалыптастыру.

Дипломдық жұмыстың міндеті:

-студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жағдайларды жасай отырып анықтау ;

-оқушылардың «слесарлық ісі негіздері» пәні бойынша мамандыққа деген қызығушылық немесе білімін анықтау;

-«Слесарлық ісі негіздері»пәні бойынша арнайы мамандыққа байланысты студенттерден сауалнама алу;

-арнайы сабақ барысында қазіргі заман талабына сәйкес жаңа технологияларды қолдана отырып оқушылардың шығармашылық деңгейін көтеру.

Дипломдық жұмыстың зерттеу объектісі: «Алакөл гуманитарлық-техникалық» кәсіби колледжіндегі студерттер.

1 Жалпы бөлім

1.1 Шығармашылық ұғымы, оның түрлері мен сипаттамалары

Шығармашылық қабілетті дамытудағы мұғалімнің іс- әрекеті. Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр ұялата алады деген екен Ахмет Байтұрсынұлы.

Бүгінгі таңда мемлекеттің өркениетке жету жолындағы талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу, бағыт бағдар ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап ететіні анық. Кәсіптік колледж құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап ететіне көз жеткіздім. Оқу-педагогикалық үрдістің маңызды мақсаттарының бірі-жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолайлы жағдай жасау [1].

Шығармашылық – бұл адамның ізденуі, өзін-өзі өмір шындығында тануға ұмтылуы. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға қалыптастырады. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Адам бойындағы жеке қасиеттерді ескере отыр, шығармашылық, қызығушылық қасиеттерін бойындағы жетілдіру. Баланы мектеп қабырғасынан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізуі қажет. «Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қажет:

- оқу процесінің мазмұнын жетілдіру;
- оны ұйымдастыру деңгейін арттыру;
- оқытудың тиімді нысандары мен әдістерін енгізу;
- оқу үрдісінде заманауи оқыту құралдарын, атап айтқанда электрондық оқу құралдарын кеңінен қолдану.

Білім беру мекемелерінің, оның ішінде колледж мекемелерінің міндеті де білім алушылардың шығармашылық ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Шығармашылық-бұл қолда бар тәжірибені жүзеге асыру және жаңа комбинацияларды, ұғымдарды, іскерліктер мен өнімдерді қалыптастыру негізінде жаңа нәрсе тудыратын қызмет түрі болып табылады. "Шығармашылық-бұл жаңа құндылықтарды құру процесі". (В. А. Болотин) "...дәл шығармашылық ойлаудың бірегейлігін, жауап беру және қарапайым шешім табу қабілетін білдіреді". (Г. Я. Буш)

Техникалық шығармашылық- бұл білім алушыларды техниканың әр түрлі әлемімен таныстыруға, олардың қабілеттерін дамытуға бағытталған қызмет түрі

ғана емес, сонымен қатар еңбекке баулу мен арнайы білім берудің тиімді тәсілдерінің бірі. Тәжірибе көрсеткендей, техникалық шығармашылық субъективті сипатқа ие. Алайда, шығармашылық еңбектің педагогикалық пайдасы сөзсіз артық, өйткені білім алушыларда проблемалы жағдайларды талдау, олардың салдарын алдын ала болжау, алынған ақпаратты біріктіру және синтездеу қабілеті қалыптасады, қиял дамиды [2].

Колледждердің алдында тұрған міндеттердің бірі бәсекеге қабілетті маман қалыптастырудың маңызды құралы ретінде білім алушылардың шығармашылық дамуы үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Выгодский айтқандай, әрбір оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту қажет екенін, сонымен қатар шығармашылық танымдық іс-әрекетті жандандырады, саналы тұлғаны белсендіреді және оны қалыптастырады. Шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін қажетті шарт қолайлы психологиялық атмосфераның қосалқы тәсілі болып табылады, яғни педагог осындай қолайлы орта құруға қабілетті психологиялық-педагогикалық және әдістемелік тәсілдерді білуі тиіс.

Егер оқушыларда білім тануға ұмтылыс және оқылатын материалды меңгеруге шығармашылық көзқарас қалыптасса, егер педагог креативті идеяларға бай болса, онда оқу үрдісі оқу және тәрбие бірлігі ретіндегі мақсатына жете алады. Қазіргі заманауи жағдайда жетекші маман дәстүрлі емес, ерекше шығармашылық міндеттерді шеше білуі, стандартты емес, креативті шешімдер қабылдай білуі тиіс, ал ол үшін абстрактілі ойлауды дамыту қажет. Колледж оқушылары өз бетінше тапсырмаларды қоя білуі, процестерді басқара білуі және өздері қабылдаған шешімдердің ықтимал салдарын есептей білуі тиіс. Осыған байланысты арнайы пәндер шеңберінде олардың креативтілігін дамыту болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың оңтайлы стратегиясын айқындауды, сондай-ақ креативтілікті дамыту серпінін мониторингілеудің тиімді бағдарламасын әзірлеуді талап етеді.

Креативтілік – бұл адамға тән, мотивациялық, өзін-өзі дамытатын, зияткерлік компоненттерді қамтитын, жеке тұлғалық қасиеттер мен қабілеттердің, психологиялық күйлердің, білімнің, іскерліктің жиынтығын көрсететін, жеке тұлғаның шығармашылық қызметін жүзеге асыру және дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін қажетті нақты тәжірибедегі өзінің шығармашылық күштері мен мүмкіндіктерінің өзектілігі арқасында тұлғалық қасиеттер мен қабілеттердің жиынтығын көрсететін күрделі интегралдық жеке-іс-әрекет сипаттамасы болып табылады [3]. Арнайы пәндер шеңберінде колледж оқушыларының креативтілігін дамытудың жеке педагогикалық тәжірибесін, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиетті жүйелеу және жинақтау, "Слесарлық ісі негіздері" пәнін меңгеру кезінде жүзеге асырылатын бірнеше практикалық-бағытталған оқыту әдістерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Негізінде нақты мән-жайлар жатқан проблемалық жағдайларды талдау және белсенді іздеу қызметі процесінде ұсынылған проблеманы шешу шығармашылық қабілеттілікті дамытудың негізгі шарты ретінде әрекет етеді, және ол принципті жаңа ойларды жасауға дайындықпен сипатталады. Оқушылардың күрделі тапсырмаларды орындау нәтижесінде, оларда зерделік, назар аударушылық, көру жады дамиды, ақыл-ой операциялары мен іс-әрекеттер

дағдылары, ақпаратты алу мен пайдаланудың бірегей тәсілдерін ашу қабілеті қалыптасады. Сонымен қатар мен арнай пәндердің тақырыбындағы іскерлік ойындарда, әр түрлі жағдайларды талдай отырып, оқу қызметін қарқындатуға және оларды талдауға, оңтайлы іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретініне көз жеткіздім. «Оқыту үрдісінің үш түрлі құрамды бөлігі бар, ол — ғылым, шеберлік, өнер» дейді белгілі педагог В. А. Сухомлинский [4]. Осы қасиеттер мұғалім бойынан табылса, сонда ғана ол сабақ үстінде білімділік пен тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыра алады. Оқу материалын игеруді ойын арқылы жеткізу, оқушылардың пән мазмұнына жоғары қызығушылығын сақтауға мүмкіндік береді, өзіндік қызметті белсендіреді, тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады [5].

Диплом алды тәжірибе барысында зерттелетін процестер мен құбылыстар тақырыбындағы пікірталастарға, әртүрлі теориялық мәселелер бойынша пікірлерге ерекше көңіл бөлінді.

1.2 Слесарлық ісі негіздері пәнінде колледж оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары

Ұлы орыс педагогы А. С. Макаренко атап өткендей: "Тәрбиешілердің мінез — құлқының шешуші мәні бар-баланың шығармашылығының дамуына, оған қарағанда, одан да көп әсер етеді" [5]. Тәрбиеленушілердің шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру нәтижелілігі көп жағдайда арнайы оқытушы шеберлігіне байланысты. Арнай пән мұғалімдері мен өндірістік оқыту шеберлері бірінші сабақтан бастап оқушыларды техникалық шығармашылыққа тартудың әртүрлі әдістерін, олардың жас ерекшеліктерін дұрыс есепке алуды, практикалық біліктердің білім деңгейін, сондай-ақ өмірлік тәжірибені пайдалануға баулу қажет.

Оқушылардың шығармашылық дамыту мониторинг бағдарламасы келесі кешенді әдістерді қолдануды қамтиды:

а) бақылау. Осы әдісті қолдану барысында, сол немесе өзге де шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде оқушылардың сыртқы мінез-құлық сипаттамасын белгілеу қажет. Әрбір белгілеп көрсетілген компонент бойынша, мысалы, бес баллдық шкала бойынша әрбір критерий мен оқу тобының әрбір оқушысын белгілей және бағалай отырып, жеке бақылау жүргізу орынды деп білем;

ә) сауалнама әдістері: сауалнама, тестілеу. Сауалнама көп жағдайда респонденттердің шығармашылық қызметке қатысты қалауын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, Л. Терстоун және Р. Лайкерттің әдістемелері бойынша әртүрлі мектеп сұрақтарына қатысты сауалнама жүргізу мүмкін. Арнайы пәннің нақты тақырыбы бойынша білім, білік және дағды деңгейін анықтау үшін де тестілеу қолданылуы мүмкін. Тест нәтижелері теориялық білімді меңгеру дәрежесін анықтауға, тәжірибелік біліктілік пен дағдыны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кез-келген саладағы нәтижелі шығармашылық қызмет-кәсіби қажетті білімнің, шеберліктің және дағдылардың берік іргетассыз мүмкін емес;

б) өтілген пәнді талдау. Мысалы, "Слесарлық ісі негіздері" оқу пәнін оқу барысында кейбір оқушылар жеке әр түрлі тақырыптар бойынша мультимедиялық презентациялар әзірледі, олар тек қана зерттеу құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін ғана емес, сонымен қатар шығармашылықтың даму деңгейін де көрсетті.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту деңгейін анықтау үшін атқарылған өзіндік жұмыстарды есепке алу кезінде шығармашылықтың зияткерлік компонентін сипаттайтын келесідей критерийлер ескерілді:

- 1) тапсырманы орындаудағы стандартты емес тәсіл;
 - 2) сыншылдық, бағалау пікірге қабілеттілік;
 - 3) жаңа идеяларды жасау қабілеті, өнертапқыштық;
- бұрын алған білім мен іскерлікті, ғылыми таным әдістерін жаңа жағдайда өз бетімен ауыстыру қабілеті;

в) сондай-ақ мониторинг бағдарламасына дарындылық пен креативтілік диагностикасы бойынша авторлық әдістемелер кіруі мүмкін. Мысалы, Дж. Гилфорда тесттері, Е. Торренса, вербалды және бейнелі креативтілікті, жеке креативті қабілеттерін (жүгіртпе, икемділік, ойлау ерекшелігі) бағалау үшін қолданылатын, "Тұлғалық креативтілік диагностикасы" Е. Е. Туник, білімділік дәрежесін, қиялын, тәуекелге бару қабілетін бағалау үшін қолданылатын, Н.Ф.Вишнякова әдістемесі тұлғаның креативтілік деңгейін анықтау бойынша және т. б. Кез келген мониторинг секілді, бұл бағдарлама жүйелі түрде, ұзақ және мерзімді қайталаумен жүргізілуі тиіс. Алынған деректер тіркеуге, талдауға және салыстыруға жарайды [6];

Қазіргі замандағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс — әрекетіне қабілетті, еркін және жан — жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар:

- а) шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;
- ә) Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
- б) Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету;
- в) Оқушының шығармашылық іс — әрекетіне жағдай туғызу [7].

Қазіргі заманғы педагогика шығармашылыққа үйрету мүмкін екеніне күмәнім жоқ. Кез келген қызметті, соның ішінде шығармашылық қызметті белгілі бір тапсырмаларды орындау түрінде ұсынуға болады. И. Э. Унт шығармашылық тапсырмаларды "...оқушылардан шығармашылық қызметті талап ететін тапсырмалар, онда оқушы өзі шешу тәсілін тауып, жаңа жағдайларда білім қолдануды, субъективті (кейде объективті) жаңа нәрсе жасауды қажет етеді" деп шешкен. Әдебиетті талдау негізінде (Г. С. Альтшуллер, В. А. Бухвалов, А. А. Гин, М. А. Данилов, А. М. Матюшкин және т. б.) шығармашылық тапсырмаларға қойылатын келесі талаптарды бөліп көрсеткен:

- ашықтық (проблемалық жағдайдың мазмұны немесе қарама-қайшылық);

- талаптың таңдалған шығармашылық әдістеріне сәйкестігі;
- әртүрлі шешім тәсілдерінің мүмкіндігі;
- дамудың өзекті деңгейін есепке алу;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу [8].

Қорытындылай келе келесі тұжырымды жасауға болады: біріншіден, оқушылардың шығармашылығын дамыту міндеттері кез келген арнайы пәндерді оқыту барысында табысты шешілуі тиіс. Колледж оқушыларының деңгейін арттыру және шығармашылық әлеуетін дамыту міндеттерін тиімді іске асыру, оқытудың жүзеге асырылатын нысандары мен әдістерінің жүйесіне, білім беру процесін дараландыруға, оқытушының шығармашылығы мен кәсібилігіне, шығармашылық сенімді жұмыс атмосферасын құра білуіне байланысты.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн «Оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» — дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады [9].

Арнайы пәндерді оқу процесінде шығармашылықтың даму динамикасын анықтау үшін диагностикалық процедураларды, белгілі бір арнайы пәнді оқу барысында кемінде үш рет қолдану қажет: алдын ала, аралық және қорытынды бақылау кезінде. Педагог К.Д. Ушинский былай деген: “Біз жан-жақты жеке тұлға тәрбиелегіміз келсе, ол тұлғаны жан-жақты зерттеп білуіміз керек”. Осы ой бүгінгі таңда мұғалім әрекетінің тұжырымдамасы іспеттес. Соған байланысты оқушының тұлғалық құрылымы мен басты белгілерін және сапаларын анықтаудың мәні зор екеніне көз жеткіздім.

2 Технологиялық бөлім

2.1 Слесарлық ісі негіздері пәні бойынша жалпы мәлімет

Слесарлық іс – бұл слесарлық құрал-саймандардың (балға, тісше, егеу, кол ара және т.б.) көмегімен металды суық күйінде өңдеу шеберлігінен тұратын қолөнерді айтамыз. Слесарлық істің негізгі мақсаты, әр түрлі бөлшектерді қолмен жасау, жөндеу және монтаждау жұмыстарын орындау болып табылады.

Слесарь – бұл металдарды суық күйінде өңдеуді, құрастыруды, бөлшектеуді және әртүрлі жабдықтарды, машиналарды, механизмдер мен құрылғыларды слесарлық құрал-саймандардың, қарапайым көмекші құралдар мен жабдықтардың (электр және пневматикалық құрал-саймандар, кесуге, бұрғылауға, дәнекерлеуге, июге, нығыздауға арналған қарапайым станоктар және т.б.) көмегімен жөндеуді орындайтын қызметкер [10].

Өңдеу немесе жинау процесі (слесарлық жұмыстарға қатысты) әзірленген технологиялық процеспен қатаң анықталған және берілген жүйелілікпен орындалатын жекелеген операциялардан тұрады.

Операция негізінде бір жұмыс орнында орындалатын технологиялық процестің аяқталған бөлігі деп түсініледі. Жекелеген операциялар орындалатын жұмыстың көлемі мен сипатымен, пайдаланылатын құрал-саймандармен, құрылғы және жабдықпен ерекшеленеді.

Слесарлық жұмыстарды орындау кезінде операциялар келесі түрлерге бөлінеді: дайындық (жұмысқа дайындықпен байланысты), негізгі технологиялық (өңдеумен, құрастырумен немесе жөндеумен байланысты), қосалқы (бөлшектеу және монтаждау).

Дайындық операцияларына: техникалық және технологиялық құжаттамамен танысу, тиісті материалды іріктеу, операцияны орындау үшін қажетті жұмыс орны мен құралдарын дайындау жатады [11].

Негізгі операциялар: дайындаманы кесу, кесу, аралау, бұрғылау, өрістету, бұrandаны кесу, қырнау, тегістеу, ысқылау және жылтырату болып табылады.

Қосалқы операцияларға мыналар жатады: құралда немесе слесарлық тиктерде өңделетін бөлшектерді белгілеу, керндеу, өлшеу, бекіту, материалды түзету, ию, тойтару, сөндіру, дәнекерлеу, желімдеу, пісіру, пластикалық және жылулық өңдеу.

Бөлшектеу кезіндегі операцияларға машиналарды жиынтықтарға, құрастыру бірліктері мен бөлшектерге бөлшектеуге байланысты барлық операциялар жатады.

Монтаждау операцияларына бөлшектерді жинау, құрастыру бірліктері, жиынтықтарды, агрегаттарды құрастыру және олардан машиналар мен механизмдерді құрастыру кіреді. Құрастыру жұмыстарынан басқа монтаждау операцияларына техникалық құжаттаманың негізгі монтаждық өлшемдерінің және техникалық бақылау талаптарына сәйкестігін бақылау, жекелеген жағдайларда бөлшектерді дайындау және қиыстырып келтіру кіреді. Монтаждық операцияларға жиналған құрастыру бірліктерін, жинақтар мен агрегаттарды, сондай-ақ тұтас алғанда барлық машиналарды реттеу жатады.

2.2 Слесарлық ісі негіздері сабағындағы слесардың жұмыс орны, слесарлық шеберхана

Белгілі бір кәсіп маманы деп – сол шеңбер ауқымында ғана жұмыс орындайтын қызметкерді атайды. Арнайы мамандандыру қызметкерге тапсырылған операцияларды терең және дәлірек білуге, және орындауға мүмкіндік береді.

Слесарь мамандығында кәсіби мамандану бар, ол қызмет көрсетумен және мамандандырылған көліктер жөндеумен, жабдықтар мен әр түрлі құрал-саймандармен байланысты, мысалы: темір жол техникасын жөндеу және қызмет көрсету, металлургиялық жабдықтар, автокөлік, трактор және ауыл шаруашылық машиналарының, жүйелерінің қалалық сумен жабдықтау мен канализация және т. б.

Шеберхана және арнайы слесарлық учаскелер арасындағы негізгі айырмашылық-ол слесарлық шеберханасында мамандандыру жоқ болып табылады. Онда слесарлық мамандыққа қатысты барлық операциялар орындалады. Жергілікті өнеркәсіп, қызмет көрсету және жөндеу саласындағы слесарлық шеберхананың мүмкін болатын барлық жұмыс түрлерін орындайтын қызметкерлердің саны шектеулі болады.

Кәсіби ұжым(бригада) – бұл сипаты жағынан жақын жұмыстарды орындауға маманданған бір немесе бірнеше мамандық және әр түрлі саладағы қызметкерлер тобы. Мысалы, автокөлік жөндеу кезінде, су құбыры жұмыстары және т. б кезінде слесарлық жұмыстар [12].

Жөндеу және мамандандырылған шеберханаларда келесі кәсіптердің қызметкерлері жұмыс істей алады: слесарлар, ұсталар, автокөлік жөндеу механиктері, тұрмыстық техника, электромеханиктер, пісірушілер, қазаншылар, нақыштаушылар, дәл машина механиктері, және т. б. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда әр түрлі мамандықтағы слесарлар жұмыс істей алады: слесарь-инструментальщик, слесарь-лекальщик, слесарь-белгілеуші, слесарь-құрастырушы, слесарь-реттеуші, жабдықтарды жөндеу бойынша слесарь, электр жабдықтарын, санитарлық техниканы, өнеркәсіптік жылу желілерін жөндеу бойынша слесарь және т. б.

Слесардың жұмыс орны. Жұмыс орнында слесарь өзінің мамандығына байланысты операцияларды орындайды. Жұмыс орны слесарлық жұмыстарды жүргізу үшін қажетті жабдықтармен жабдықталады. Слесардың жұмыс орны өндірістік үй-жайдың жоспарына және өндірістік процесс технологиясына сәйкес жабық және ашық алаңда болуы мүмкін.

Слесардың жұмыс орнының ауданы орындалатын жұмыстың сипаты мен көлеміне байланысты болып келеді. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда слесардың жұмыс орны 4-8 м², шеберханаларда кемінде 2 м² болуы мүмкін. Жабық үй-жайда слесардың жұмыс орны әдетте тұрақты. Үй-жайдан тыс жұмыс орны өндірістік жағдайға және климаттық жағдайларға байланысты қозғалуы мүмкін.

Слесардың жұмыс орнында тиісті құралдармен, бірінші кезекте слесарлық тістермен жабдықталған үстел орнатылуы тиіс. Көптеген операцияларда слесарь қысқыштарды пайдалану арқылы слесарлық үстелде орындайды [13].

Негізгі жұмыс орнынан өзге (верстак артынан) слесарда қосымша жұмыс орындары болуы мүмкін, мысалы, белгілеу, ысқылау немесе бақылау плиталарында, ұсталық пештерде немесе табаға, пісіру аппаратына, бұрғылау станогына, механикалық араға, түзету плитасына және т. б.

Слесарлық шеберхана – бұл арнайы слесарлық жұмыстарға арналған және қажетті құрал-жабдықтармен, құрал-саймандармен және техникалық аспаптармен жабдықталған шеберхана [14].

Слесарлық шеберхана үстелі (жұмысшылар саны бойынша), құрал-саймандармен, түзету плитасымен, сүрту плитасымен, механикалық плитамен, иінтіректі қайшымен, бұрғылау станогымен, қол бұрғылау құрал-сайманымен, қайрау станогымен, электрлі тасымалды тегістеу станогымен, бұрандалы преспен, домкраттармен жабдықталуы тиіс.

Үлкен шеберханаларда токарь, сүргілеу, кейде фрезер және тегістеу станоктары, сондай-ақ электрлік дәнекерлеу аппараты, газбен пісіруге арналған жабдықтар, термиялық өндеуге арналған пеш, термиялық өндеуге ұшыраған бөлшектерді салқындатуға арналған ванна, қосымша жабдықтар орнатылуы мүмкін. Ацетилен генераторды жеке ғимаратта орналастырады, өйткені оның дұрыс пайдаланбауы ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін. Слесарлық шеберхананың штаты әдетте шеберден, слесарлардан және шәкірттерден тұрады.

2.3 Слесарлық ісі негіздері пәні бойынша колледж оқушыларын оқытудағы технологиялар

Машина бөлшектеріне арналған дайындамалар сұрыптық металды шыңдау түрінде механикалық және слесарлық цехтарға өндеуге түседі. Бөлшектердің тағайындалуына байланысты бір дайындамалар өңделмеген күйінде қалады, өзгелері ішінара немесе толық өңделеді. Дайындаманың бетін өндеу кезінде металдың белгілі бір қабаты жойылады, нәтижесінде оның мөлшері азаяды. Өңделгенге дейін және өндеуден кейін дайындаманың өлшемінің арасындағы айырмашылық өндеуге жіберу шамасы болып табылады.

Өндеу қай жерде және қандай мөлшерге дейін жүргізілетінін білу үшін алдымен дайындаманы белгілейді. Өңделетін дайындамаға болашақ бөлшектің контурын немесе өндеуге жататын орынды анықтайтын белгілеу сызықтарын салу операциясы белгілеу деп аталады.

Белгілеу негізінен жеке және ұсақ сериялы өндірістерде қолданылады. Ірі сериялы және жаппай өндіріс зауыттарында белгілеудегі қажеттілік кондукторларды, тіреулерді және т. б. арнайы құралдарды пайдалану арқылы жойылады.

Слесарлық өндеу технологиясы металдарды белгілеу, түзету және ию кесу, металдарды кесу, аралау, бұрғылау, үңгілеу, саңылауларды зенкерлеу және өрістету, бұранданы кесу, тойтару, ысқылау және жетілдіру, дәнекерлеу және т. б. сияқты бірқатар негізгі операцияларды қамтиды. Бұл операциялардың көпшілігі металдарды кесу арқылы өндеуге жатады.


Таңба. Сызбаға сәйкес өңдеуге жататын бөлшектер немесе орындар контурын көрсететін сызықтарды дайындаманың бетіне салу операциясы таңбалау деп аталады. Таңбалау келесідей болып бөлінеді:

- сызықты (бір өлшемді) – жолақтардың, жолақты болаттын ұзындығы бойынша;

- жазықтық (екі өлшемді) – табақ металдан жасалған дайындамалар үшін;


- кеңістіктік (көлемді, үш өлшемді) – көлемді дайындамалар үшін [15].

Арнайы белгілеу аспабына сызғыштар 2.1 суретте, кернерлер, белгілеу циркулдері, рейсмустар жатады. Бұл құралдардан басқа балғалар, белгілеу плиталары және қосымша құралдар: астарлар, домкраттар және т. б. пайдаланылады.



2.1 Сурет. Сызғыш

Кернер – бұл ұзындығы 100-160 мм және диаметрі 8-12 мм У7, У8 (HRC 52-57) аспаптық көміртекті болаттан жасалған өзек және ол 2.2 суретте көрсетілген. Қайрау бұрышы әдетте 60°, дәлірек белгілеулерде 30-45°, болашақ тесіктер орталықтары үшін 75° болып келеді. Құрылғы бойынша белгілеу (слесарлық) циркулдер сызба циркуліне ұқсас.



2.2 Сурет. Кернерлер

Рейсмус параллель тік және көлденең сурет салуға арналған. Соңғы уақытта өткір ұштығы бар штангенрейсмус жиі қолданылады. Дайындамаларды жазық және әсіресе кеңістіктік белгілеуді белгілеу плиталарында жүргізеді.

Белгілеу плитасы – бұл шойын құю, көлденең жұмыс беті және бүйір қырлары өте дәл боялған.


Үлгі деп- бөлшектер жасайтын немесе өңдеуден кейін оларды тексеретін құрылғыны атайды. Үлгі бойынша белгілеу бірдей бөлшектердің үлкен партияларын дайындау кезінде пайдаланылады. Ол қиын және көп уақытты қажет ететін сызба бойынша белгілеу үлгіні жасау кезінде тек бір рет орындалады.

Металдарды түзету және ию. Түзету - деп майысу, дөңес, толқындық, қорапшалау, қисаю және т. б. түріндегі дайындамалар мен бөлшектердің

ақауларын жою операциясы. Оның негізі-металдың дөңес қабатының қысылуы және бүгілген қабаттың кеңеюі болып табылады. Металл суық және қыздырылған күйінде түзетіледі. Түзетудің қандай да бір тәсілін таңдау иілу шамасына, өлшеміне және дайындаманың материалына (бөлшектің) байланысты болады. Түзету қолмен (болат немесе шойын дұрыс плитада) немесе машинамен (дұрыс бірліктерде немесе престерде) болуы мүмкін. Қолмен түзету дөңгелек, радиусты немесе жұмсақ металдан жасалған кесекті арнайы балғалармен жүргізіледі. Жұқа қаңылтыр металын (ағаш балғамен) басқарады.

Металдарды ию дайындамаға сызбаға сәйкес иілген пішін беру үшін қолданылады. Қолмен ию слесарлық балға және әртүрлі бұйымдардың көмегімен тігістерде жүргізіледі. Иілу радиусы өте аз бөлшектерді дайындау дайындаманың сыртқы қабатының иілу қаупімен байланысты. Ең аз рұқсат етілген иілу радиусының өлшемі дайындама материалының механикалық қасиеттеріне, ию технологиясына және бетінің сапасына байланысты. Құбырларды ию толтырғышпен (әдетте құрғақ өзен құмы) немесе онсыз жүргізіледі [9].

Металдарды бөлу. Бөлу – деп кескіш және слесарлық балғаның көмегімен дайындамадан металл қабаттарын алып тастайтын немесе дайындаманы кесетін операцияны атайды. Бөлу көмегімен дайындамадан металдың кедір-бұдырлығын алып тастау (кесу), қатты қабықты, қабыршақты, бөлшектің өткір жиектерін алып тастау, ойықтар мен жыраларды шабу, бөлікке табақты металды шабу жүргізіледі. Табақ материалын бөлікке кесу плитада орындалуы мүмкін. Бөлу кезінде негізгі жұмыс (кесу) құралы — тіс, ал екпінді-балға болып табылады. Слесарлық тісше 2.3 суретте көрсетілге және ол У7А немесе У8А аспапты көміртекті болаттан дайындалады. Ол үш бөліктен тұрады: соққы, орташа және жұмыс. 1 соққы бөлігі жоғары, ал оның (бүйір) шеті дөңгелектенеді; 2 ортаңғы бөлігінің артында кесу кезінде тісті ұстайды; 3 жұмыс (кесетін) бөлігінің сына тәрізді нысаны бар.



2.3 Сурет. Слесарлық тісше

Бақылау бұрышы өңделетін материалдың қаттылығына байланысты таңдалады. Ең көп таралған материалдар үшін келесі бақылау бұрыштары ұсынылады:

- қатты материалдар үшін (қатты болат, шойын) — 70°;
- орташа қаттылығы бар материалдар үшін (болат) — 60°;
- жұмсақ материалдар үшін (мыс, жез) — 45°;
- алюминий қорытпалары үшін — 35°.

Крейцмейсель – жіңішке жыраларды кесуге және тойтарма бастарын кесуге арналған тар кесетін жиегі бар тіс . Мұндай тістері металдың кең

қабаттарын алу үшін де қолданылуы мүмкін: алдымен жыраларды тар тістеуішпен кесіп, ал қалған бөлігін кең тістеуішпен орайды.

Металдарды кесу кезінде пайдаланылатын слесарлық балғалар екі түрге бөлінеді: дөңгелек және шаршы кесумен. Балғаның негізгі сипаттамасы-оның массасы болып табылады.

Балғалардың дөңгелек ұштары нөмірлері келесдей болады: 1-ден 6-ға дейін. Балғаның номиналды салмағы № 1 - 200 г; №2 - 400 г; №3 - 500 г; № 4 - 600 г; № 5 - 800 г; № 6 - 1000 г. Шаршы бойкалы балғалардың 1-ден 8-ге дейінгі нөмірлерге ие және салмағы 50-ден 1000 г-ға дейін болады.

Балғалардың материалы — болат 50 (төмен емес) немесе болат У7.

Металдарды кесу. Кесу – тұтас кесекті (дайындамаларды, бөлшектерді) бөліктерге бөлу жөніндегі слесарлық операция. Жоңқаларды шешпей: тістеуіктермен, қайшымен және құбыр кескішпен және жоңқаларды алып тастай отырып: пышақпен, арамен, фрездермен және арнайы тәсілдермен (газды кесу, анодтық-механикалық және электр ұштары кесу, плазмалық кесу) орындалады [10].

Қол қайшылары табақты жұмсақ болатты, жезді, алюминий және басқа металдарды кесуге арналған. Қалыңдығы 0,5 мм-ге дейін металды кесу үшін ұзындығы 200 және 250 мм, 320 мм (қалыңдығы 0,75 мм-ге дейін), 400 мм (қалыңдығы 1 мм-ге дейін) дайындайды. Жүздердің кесетін жиектері 70°бұрышпен өткір қайралған.

Құбыр кескіштер жұмсақ болаттан жасалған жұқа қабырғалы(газ) құбырларды қолмен кесуге арналған, кесу жоңқасын алмай орындалады. Екі өлшемді шығарады: құбырларды кесу үшін 1/2-ден 2-ге дейін және құбырлар үшін-1-ден 3-ке дейін.

Қол арасы металдың салыстырмалы қалың табақтарын және дөңгелек немесе профильді прокатты кесу үшін қолданылады.

Тістерді кескен кезде түзілетін жоңқаның тістердің арасына олардың кесуден шығуына дейін орналасуы тиіс екенін ескереді.

Металдарды аралау. Аралау слесарлық операция деп аталады, ол кезде материал қабаттарын дайындаманың бетінен егеуіштің көмегімен алып тастайды. Әдетте кесуден, сыдырудан немесе кесуден кейін өңделетін бұйымға қажетті тазалық пен дәлдік беру үшін жүргізіледі.


Егеу – бұл дайындаманың өңделетін бетінің (бөлшектің) салыстырмалы жоғары дәлдігін және аз кедір-бұдырлығын қамтамасыз ететін кескіш құрал. 2.4 суретінде көрсетілген егеуіштердің көмегімен жазықтықтарды, қисық сызықты беттерді, ойықтарды, жыраларды, әр түрлі формадағы тесіктерді, әр түрлі бұрыштарда орналасқан беттерді өңдейді.

Кескіш бір (қарапайым), екі (айқас), рашпиль (нүктелі) немесе доғалық болуы мүмкін. Бір орамалы егеуіштер бүкіл жапсырманың ұзындығы бойынша кең жоңқаны алып тастайды. Оларды жұмсақ металдарды егеу кезінде қолданады. Екі қабатты егеуіштер болатты, шойынды және басқа да қатты материалдарды аралау кезінде қолданылады.

Доға кескішті фрезерлеу арқылы алады. Ол доға пішінді және тістер арасындағы үлкен ойықтар бар, ол жоғары өнімділік пен жақсы сапасын қамтамасыз етеді. У10, У12, У13 болаттан, сондай-ақ ШХ15 және 13Х

қоспаланған хромды болаттан жасалған егеулер дайындалады. Тістерді кескеннен кейін егеуіштер HRC 54 кем емес қаттылыққа дейін термиялық өңдеуден өткізеді.

Тағайындалуы бойынша егегіштерді мынадай топтарға бөледі: жалпы мақсаттағы, арнайы мақсаттағы, надфильдер, рашпильдер, машиналық егегіштер. Жалпы слесарлық жұмыстары үшін жалпы мақсаттағы егеулер қолданылады.



2.4 Сурет. Егеуіштер а-негізгі бөліктер (1 - мұрын; 2 - қыр; 3 - қыр; 4 - өкше; 5 - сақина; 6 - құйрық; 7 — қалам); б — жалғыз керту; в — қос керту; г — рашпильді керту; д-доғалы керту.

Егеулер саны бойынша 1 см ұзындықтағы егеулер 6 нөмірге бөлінеді. Ұзындығы бойынша егеуіштер 100-ден 400 мм-ге дейін дайындалуы мүмкін. Көлденең қиманың нысаны бойынша олар жалпақ, шаршы, үш қырлы, дөңгелек, жартылай дөңгелек, ромбикалық және қол арасына бөлінеді. Ұсақ бөлшектерді өңдеу үшін шағын көлемді егеуіш — надфильдер қызмет етеді.

Шыңдалған болат пен қатты қорытпаларды өңдеу болат өзегінде жасанды алмаз дәндері бекітілген арнайы аралықтармен жүргізіледі.

Металды егеу кезінде еңбек өнімділігін арттыру мен жағдайларын жақсартуға механикаландырылған (электрлік және пневматикалық) егеуіштерді қолдану арқылы қол жеткізіледі.

Бұранданы кесу. Бұранда бір жүрісті, бір бұрандалы сызықпен (жіппен) түзілген немесе екі және одан да көп жіптермен түзілген көп жүрісті болады. Бұрандалы сызықтың бағыты бойынша бұрандалар оң және солға бөлінеді. Кесіндінің пішіні бойынша бұрандалар үшбұрышты, тік бұрышты, трапецидальды, тіректі (біркелкі емес трапеция түріндегі профильдер) және дөңгелек болып бөлінеді.

Бұранда өлшемдер жүйесіне байланысты метрикалық, дюймдік, құбырлы және т. б. болып бөлінеді. Бұранданы кесу бұрғылау және арнайы бұранда кесу станоктарында, сондай-ақ қолмен жүргізіледі. Металдарды қолмен өңдеу кезінде ішкі бұранданы белгілегішпен, ал сыртқы бұранданы кескішпен кеседі. Белгілегіштер мақсаты бойынша қолды, машиналық-қолды және машиналық болып бөлінеді, ал кесілетін бұранданың профиліне байланысты үш түрге бөлінеді: метрикалық, дюймдік және құбыр резбалары үшін. Белгі екі негізгі бөліктен тұрады: жұмыс бөлігі мен құйрығы.

Белгілі бір өлшемдегі бұранданы кесу үшін қол (слесарлық) белгілегіштер әдетте үш дана жиынтықта орындалады. Бірінші және екінші бұранда алдын ала кесіледі, ал үшінші оған соңғы өлшем мен пішін береді. Жинақтың әрбір белгісінің нөмірі артқы бөліктегі сурет санымен белгіленген. Екі белгіден тұратын жинақтар бар: алдын ала (қара) және таза.

Көміртекті болаттан У10А, У12А, жылдам кесетін Р9, Р18, 9хс, ХВГ және т.б. (жұмыс бөлігінің қаттылығы HRC 59-65, артқы жағы — HRC 30-45) метчиктерді дайындайды.

Бұранда кескен кезде бұранда астында тесік алу үшін бұрғы диаметрін дұрыс таңдау маңызды. Тесік диаметрі бұранданың ішкі диаметрінен бірнеше үлкен болуы тиіс, өйткені материал кесу кезінде тесік осіне қарай ішінара сығылады. Бұранданың астындағы тесік өлшемдері кесте бойынша таңдалады.

Сыртқы бұранданы кесуге арналған плашкалар конструкциясына байланысты дөңгелек және призмалық (жылжымалы) болып бөлінеді. Дөңгелек плашка кесетін жиектердің пайда болуы және жоңқаның шығуы үшін қызмет ететін, ішкі бетінде бұрандалы және жыралы тұтас немесе кесілген сақина болып табылады. Бұранданы кесу кезінде дөңгелек плашкалар арнайы тұтқа-плашка ұстағышқа бекітіледі [16].

3 Әдістемелік бөлім

3.1 Слесарлық ісі негізі пәнінде оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын қарастыру

Шығармашылық үрдіс әрдайым оң эмоциялармен жүреді. Бұл кәсіби қызығушылықтың, жұмыста қызығушылықтың дамуына ықпал етеді, жалпы оқу-жаттығудың ынта-жігерін қалыптастырады.

Шығармашылық балалардың жаңа мәселелерді алдына қоя білу қабілеті, олардың өздері мәселелерді қоя білуге және көре білуге қабілетті екенін аңғартады. Әлемді қабылдауға бар білім, үйреншікті ұстанымдар, сезімдер, көзқарастар, теориялар әсер етеді. Қабылдаудағы айырмашылықтар мен нәтижелер басқалармен қатар, олардың қандай идеялармен қаруланғанына байланысты. Эйнштейн атап айтқандай, талап етілетін нәрсені бақылау және қабылдау қабілеті адам қолданатын теорияға байланысты.

